

Иордан Хашимиттік Корольдігінің Премьер-Министрі М.Бахиттің Қазақстан Республикасына ресми сапарын дайындау және өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2006 жылғы 6 қарашадағы N 316-ө
Өкімі

Қазақстан Республикасы мен Иордан Хашимиттік Корольдігі арасындағы екі жақты ынтымақтастықты нығайту және 2006 жылғы 8 - 10 қарашада Астана қаласында Иордан Хашимиттік Корольдігінің Премьер-Министрі М. Бахиттің Қазақстан Республикасына ресми сапарын дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі:

2006 жылғы 8 - 10 қарашада Астана қаласында Иордан Хашимиттік Корольдігінің Премьер-Министрі М. Бахиттің Қазақстан Республикасына ресми сапарын (бұдан әрі - сапар) дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қ а м т а м а с ы з е т с і н ;

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігіне қазақстан-иордан бизнес-форумын өткізуге арналған қажетті қаражат бөлсін.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы:

қосымшаға сәйкес Иордан Хашимиттік Корольдігі ресми делегациясының мүшелеріне қызмет көрсету жөніндегі ұйымдастыру шараларын қабылдасын;

Астана қаласында сапарды өткізуге арналған шығыстарды қаржыландыруды 2006 жылға арналған республикалық бюджетте 001 "Мемлекет басшысының, Премьер-Министрдің және мемлекеттік органдардың басқа да лауазымды адамдарының қызметін қамтамасыз ету" және 003 "Республикалық деңгейде халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы" бағдарламалары бойынша көзделген қаражат есебінен қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Иордан Хашимиттік Корольдігінің ресми делегациясы мүшелерінің әуежайдағы, тұратын және болатын орындарындағы қауіпсіздігін, жүретін бағыттары бойынша бірге жүруді, сондай-ақ арнайы ұшақты күзетуді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі белгіленген т ә р т і п п е н :

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігімен және Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп, Иордан Хашимиттік Корольдігінің Премьер-Министрі М. Бахиттің арнайы ұшағының Қазақстан Республикасы аумағының үстінен ұшып өтуін,

Астана қаласының әуежайына қонуын және одан ұшып шығуын;
Астана қаласының әуежайында арнайы ұшаққа техникалық қызмет көрсетуді, оның тұрағын және жанармай құюды қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі:
сапарды бұқаралық ақпарат құралдарында жария етуді;

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Д. Ахметовтің атынан Иордан Хашимиттік Корольдігінің Премьер-Министрі М. Бахиттің құрметіне Астана қаласында ресми қабылдау кезінде концерттік бағдарламаны қамтамасыз етсін.

6. Астана қаласының әкімі Иордан Хашимиттік Корольдігінің ресми делегациясын баратын жерлерінде қарсы алу және шығарып салу, сондай-ақ Астана қаласының әуежайы мен көшелерін безендіру жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларының орындалуын қамтамасыз етсін.

7. Қазақстан Республикасы Республикалық ұланы Астана қаласының әуежайында Иордан Хашимиттік Корольдігінің Премьер-Министрі М. Бахитті қарсы алу және шығарып салу рәсіміне қатыссын.

8. Осы өкімнің іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң
2 0 0 6 ж ы л ғ ы 6 қ а р а ш а д а ғ ы
N 3 1 6 - ө ө к і м і н е
қосымша

Иордания Хашимиттік Корольдігі ресми делегациясының мүшелеріне қызмет көрсету жөніндегі ұйымдастыру шаралары

1. Иордан Хашимиттік Корольдігі ресми делегациясының мүшелерін Астана қаласындағы "Риксос Президент Отель" қонақ үйінде 1+10 форматы бойынша орналастыру, тамақтандыру және оларға көліктік қызмет көрсету.

2. Қазақстан Республикасының Президенті Күзет қызметінің қызметкерлерін "Риксос Президент Отель" қонақ үйіне орналастыру.

3. Баспа өнімін (бейдждер, автомобильдерге арнайы рұқсаттамалар, куверттік карталар, қабылдауға шақырулар) дайындау.

4. Иордан Хашимиттік Корольдігі ресми делегациясының басшысы мен мүшелері үшін сыйлық және кәдесыйлар сатып алу.

5. Иордан Хашимиттік Корольдігі ресми делегациясын Астана қаласының әуежайында қарсы алу және шығарып салу кезінде шай дастарханын ұйымдастыру.

6. Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Д. Ахметовтің атынан Иордан Хашимиттік Корольдігінің Премьер-Министрі М. Бахиттің құрметіне Астана

қаласында ресми қабылдау ұйымдастыру.

7. Іс-шаралар өткізілетін орындарды гүлмен безендіруді ұйымдастыру.

8. Ресми делегация мүшелеріне және бірге жүретін адамдарға медициналық қызмет
к ө р с е т у .

9. Қазақстан-иордан бизнес-форумын ұйымдастыру.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК